

FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Үстелүсті жарықшамы

Finerpower

AD-006S

AD-006G

Құрметті сатып алушы

Сізге «FinePower» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағыныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдарды ұсынуға қуаныштымыз. Аспапты пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ аспапты дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


Құрылғының арналуы

Құрылғы пайдаланушының жұмыс орнын жарықтандыруға арналған.

Техникалық сипаттамалары

- Модель: AD-006S, AD-006G.
- Желі параметрлері: 220 В, 50 Гц
- Ток күші: 16 А дейін.
- Шамның түрі: жарықдиодты.
- Максималды қуаты: 10 Вт.
- Орнату тәсілі: тіреуіш.


Жарықты басқару панелі




1. «Режим» батырмасы.
2. «Жоғары қарай» батырмасы.
3. «Қосу/Сөндіру» батырмасы.
4. «Төмен қарай» батырмасы.

Құрылғымен жұмыс істеу

1. Жарықшамды және оның барлық элементтерін абайлап шығарып алыңыз. Құрылғыны үстелдің бетіне бекітпе түріне сәйкес орнатыңыз:
 - *Қыстырғыш бекітпе*: жарықшамды үстелдің шетіне қыстырғышпен бекітіңіз.
 - *Кіріктірілген тіреуіш*: жарықшамды орнықты бетке орнатыңыз.
 - *Бұрандықысқыш*: жарықшамды бұрандықысқышқа салып, қосылысын бұрамамен бекітіңіз; бұрандықысқышты үстел бетінің шетіне орналастырып, бекіткіш бұраманы бұраңыз.
 - *Алынбалы тіреуіш*: жарықшамды тіреуішке салып, қосылысты бұрамамен бекітіңіз; құрылғыны орнықты бетке орналастырыңыз.
2. Құрылғыны желіге қосыңыз. Құрылғыны қосу/сөндіру үшін тиісті батырманы пайдаланыңыз.
3. Қуат беру кабелін құрылғының артқы бөлігіне қосыңыз (1-сур.).
4. Қосу/сөндіру үшін «Қосу/Сөндіру» батырмаларына қол тигізіңіз (2-сур.).



1-сурет.




2-сурет.


5. Жарықтың температурасын ауыстыру үшін жарықты басқару панелінде «Режим» батырмасын басыңыз.
6. Жарықшамның 3 режимі бар: суық ақ түс, бейтарап ақ түс, жылы ақ түс.
7. Жарықтықты теңшеу үшін жарықты басқару панеліндегі «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларын басыңыз. Жарықшамның 5 жарықтық дәрежесі бар.

Шамның күйін теңшеу


1. Шамның максималды ашылу бұрышынан асырмаңыз (1-сурет).
Шамды жапқан кезде мұқият болыңыз.
2. Шамның максималды бұрылу бұрышынан асырмаңыз (әр жағына 80°) (2-сурет).
3. Шамның күйін теңшеу кезінде оны түбінен ұстап тұрыңыз (3-сурет).



1-сурет.



2-сурет.



3-сурет.

Қауіпсіз пайдалану ережелері мен шарттары

1. Желілік сымында зақымдар болмауын үнемі тексеріп отырыңыз.
2. Құрылғыны шамадан тыс ылғалдылық жағдайында пайдаланбаңыз.
3. Кез келген техникалық жұмыстарды (шамды ауыстыру, құрылғыны орнату, тазалау) жүргізер алдында құрылғының сөндірілгеніне және желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
4. Құрылғыны азғантай сабын немесе спирт ерітіндісіне жібітілген жұмсақ майлықпен сүртіңіз.
5. Бұйымды сервис орталығының білікті мамандары ғана жөндеуі тиіс.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Аспапты сақтау және тасымалдау құрғақ жерлерде жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Аспаптың ақаулығын анықтаған кезде авторландырылған сервис орталығына дереу жүгіну немесе аспапты кәдеге жарату керек.

Кепілді қызмет көрсету шарттары

Өндіруші осы бұйымға 6 ай кепілдік мерзімін белгілейді және бұйымның материалдары мен құрастыруында ақаулықтар жоқ екеніне, сондай-ақ бүкіл кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істейтініне кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен, уәкілетті сервистік орталықтар аумағында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан жабдық элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді.

Бұйымның жеке, кәсіптік емес пайдалануға арналған қызмет мерзімі 12 ай құрайды, бұл ретте пайдалану ережелерін сақталуы шарт.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрес бойынша:
<http://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Фэйхэ Электроник КО, ЛТД.

3/Ғ, блок 3, Хунфа Инновэйшн Парк, Цзювэй, Сисян, Баоань, Шэньчжэнь қаласы, Гундун провинциясы, Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

- TP TC 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»
- TP TC 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары және жиынтықталуы алдын ала мәлімдеусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Тауар Еразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО TP 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

